

Степногорск қаласы әкімдігінің "2009 жылға арналған халықтың мақсатты топтарын анықтау және оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бойынша шаралары туралы" 2009 жылғы 7 мамырдағы № а-4/226 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 қарашадағы № а-7/463 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 желтоқсанда № 1-2-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № а-8/523а шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № а-8/523а шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Степногорск қаласы әкімдігінің «2009 жылға арналған халықтың мақсатты топтарын анықтау және оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бойынша шаралары туралы» 2009 жылғы 7 мамырдағы № А-4/226 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-2-114 тіркелген, 2009 жылдың 26 маусымында «Степногорск Ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының 2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мақсатты топтарына жататын тұлғалар тізбесі келесі жұмыссыз азаматтар санаттарымен толықтырылсын:

50 жастағы және одан үлкен жастағы тұлғалар;
ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтін тұлғалар (6 айдан артық);
29 жасқа дейінгі жастар;
қайта некеге тұрмаған жесір әйелдер, тұл ерлер;
орта және орта білімнен кейінгі бағдарламаларды жүзеге асыратын оқу мекемелерінің түлектері;
бұрын жұмыс істемегендер;
емдеу курсынан өткен өкпе ауруымен ауыратын тұлғалар;
мүгедектік есебінен шығарылғандар;

жасқа толуы бойынша әскери есептен шығарылғандар».

2. Осы Степногорск қаласы әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә. Сәдуақасоваға жүктелсін.

3. Осы Степногорск қаласы әкімдігінің қаулысы 2009 жылдың 1 мамырынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

4. Осы Степногорск қаласы әкімдігінің қаулысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

С т е п н о г о р с к

қаласының әкімі

А.Никишов

КЕЛІСІЛГЕН:

*«Жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік*

мекемесі бастығының м.а

Ф.Жукова